**Қазақстан Республикасы**
**Білім және ғылым министрінің**
**2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130**
**Бұйрығына 15- 10-қосымша негізінде**

## Арал ауданы бойынша «А.Мұстафаев атындағы №227 негізгі мектебі» КММ коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021-2022оқу жылына арналған тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері

**Тақырыбы : Ұлттық рухы биік адамгершілігі жоғары салауатты өмір салтын ұстанатын елінің өткенін құрмет тұтып ,ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан- жақты білімді, қаблетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру**

**Мақсаты:** «Рухани жаңғыру » бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдары балалар мен жастарды тәрбиелеу XXI ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан – жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу

- Тәрбие берудің мақсаты білім алушылардың қоршаған ортада шынайлылықты түсінуге,өзінің даралығын сезінуге, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын игеруге, өзінің оқу іс-әрекетін ой елегінен өткізуге бағытталған тәрбиелік шараларды ұйымдастыру.

- Кәсіби шығармашылық танымын кеңейту, мамандықты дұрыс таңдауда бағыт-бағдар беру және адам белгілі бір іс-әрекет саласына еніп, бір ізге түсуіне көмек беру.

Бала тәрбиесінде жаңа заман талабына сай ата-аналардың өзіндік идеяларын іске асыруға мүмкіндіктер туғызу

## Тәрбиенің негізі мазмұнын жаңартудың басым бағыттары

### I. *ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ*

**Мақсаты:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты тұлғаның саяси құқықтық және сыбайлас жемқорлық қарсы мәдениетін балалар мен жастардың құқықтық санасын оларды балалармен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру

**Міндеті:** Қазіргі жағдайда тәрбиеленушілердің құқықтық санасын, олардың балалар мен жастар ортасында құқықбұзушыларға қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру аса маңызды мәсел

### II. *Р У Х А Н И – А Д А М Г Е Р Ш І Л І К  Т Ә Р Б И Е С І*

**Мақсаты:** Тұлғаның Қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық және көзқарастарын

**Міндеті:** Оқушыларды қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдық қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыру.

### III. *ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ*

**Мақсаты:** Тұлғаны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға бағдарлау , ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының , Қазақстан Республикасындағы этностар мен этикалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу

**Міндеті:** Әлемдік өркениеттің өзекті бір саласы – көшпенділердің ұлы мәдениетін заңды мұрагері қазақ халқы екенін оқушы бойына сіңіру

### IV. *О Т Б А С Ы  Т Ә Р Б И Е С І*

**Мақсаты:** Ата-аналарды оқыту бала тәрбиесінде олардың психологиялық педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

**Міндеті:** Қоғамда адамдар арасындағы оңтайлы және эмоционалды көңіл-күй, қарым-қатынас арқылы адамгершілік, рухани және гуманитарлық құндылықтарға басымдық беруге әлеуметтік тарихи тәжірибені тарату

### V. *Е Ң Б Е К  Ж Ә Н Е  Э К О Н О М И К А Л Ы Қ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ  Т Ә Р Б И Е*

**Мақсаты:** Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым –қатынасын қалыптастыру экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

**Міндеті:** Оқушыларды жеке шеберлік, белсенді және болмысымен беріліп, іс-әрекет жасау, қажетті ресурстарды жұмылдырып, істің мәнісін дұрыс бағалап, өз іс-әрекетін қажетсіз қалмауына мән беріп, еліміздің түпкілікті тиімділігін тиянақтап жаңа өндіріс және қоғамға пайдалы еңбек жасауына ықпал ету

## VI. *КӨП МӘДЕНИЕТТІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ*

**Мақсаты:** Білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру , оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

## VII. *ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ*

**Мақсаты:** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру.

**Міндеті:** Оқушылардың өзіндік бейімділіктерін ашу және олардың мінез-құлық қабілеттерін ескере отырып, жеке тұлға ретінде іс-әрекет субьектісі әрі жеке дара субекті ретінде дамыту.

-қоғамға қызмет етуге бағытталған мәселелерді шешуге жеке тұлға құндылықтарын, алған білімдерін іс-жүзінде шығармашылықпен қолдану дағдылары арқылы өзін- өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру.

## VIII. *ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ*

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты , дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын , денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

**Міндеті:** Салауатты өмір салтын қалыптастыру адам ағзасының мүмкіндіктерін, оның қызметінің ерекшеліктерін болжау, адамның физикалық, психикалық және рухани саулығының өзара байланысы, сондай ақ, тәрбиеленушілерді сан алуан спорт түрлеріне тікелей қатыстыру жолымен ағартушылық жұмыс барысында жүзеге асыру.

**2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерін құру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың**

# ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

## ТӘЖІРИБЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасынд білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлы деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

**Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде бірлескен жұмыс**

**Тәрбие жұмысының мақсаты:**

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
  «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру; 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйке
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйке оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрби жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атт бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болаша мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мә береді.

**Тәрбие жұмысының міндеттері:**

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қанын тамған жеріне, өскен аулына, қала мен өңіріне, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

**Күтілетін нәтижелер:**

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толeранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өзлігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

**Іске асыру тетіктері:**

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

**Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:**

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.
12. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

**Өткен оқу жылына талдау:**2020-2021 оқу жылын 175 оқушымен аяқтады. Мектеп мәлтек ауданы бойынша мектепке тартылмаған оқушы болған жоқ. Мектепте есепке алынған оқушы болған жоқ. Аз қамтылған отбасының 49 баласы міндетті оқу қоры есебінен ыстық тамақпен қамтылып, жалпыға міндетті оқу қоры есебінен 40 балаға қыстық куртка мен етік,жалпы «Мектепке жол» акциясы бойынша 29 оқушыға ( 100 мың тенге) , қайырымдылық акциялары аясында 6 оқушыға көмек көрсетілді.

Мектептің тәрбие жоспары 22.04.2015 жылы №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» мен «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жасалып бекітілді. Иновациялық мектеп-лицейі ретінде НЗМ-ні тәрбие үдерісін тәжірибеге енгізген мектеп **6** әлеуметтік жобаны жүргізді. «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының жұмысы жетілдіріліп жүргізілді. «Қазақтың халық әндері», «Көп оқып, көп білуге ұмтыл!» орта мектеп шәкірттері оқуға міндетті 30 кітап, «Ата-ананың жұмыс орнындағы 3 күн», «Балалар әлеміндегі игі істер», «Туған жерге тағзым!» жобалары жемісті жүргізілді. Жыл соңында жүргізілген жұмыстар сараланып, жоба жеңімпаздары анықталды. «Балалар әлеміндегі игі істер» жобасы 3 бағыт бойынша жүргізілді. Оның бірі жалғызбасты карттарға көмектесу, екіншісі, даму мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыс болса, үшінші Ауған,Семей және Чернобыль апаттарын жоюға катысқан азаматтардың қаһармандық ерлігін насихаттау, азаматтық бейнесін үлгі ету болып табылды. Тәрбиелік шаралар мен бастамаларды жүргізуде **«оқушы үні»** ескерілді.

Мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылықтардың алдын алуда жоспарлы және жоспардан тыс түсінік жұмыстары, АІБ-нің қызметкерлерімен кездесу, түнгі кезекшіліктер мен ата-аналардың үйлеріне рейд жұмыстары жүйелі ұйымдастырылып, жаднамалар таратылды. Сонымен бірге, оқушыларға педагогикалық-психологиялық консультациялық қызметтер көрсетілді.

Алдағы оқу жылында жоғарыда аталған жұмыстарды жүйелі жүргізе отырып, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен рухани-адамгершілік негізінде тәрбиелік шаралардың жаңа формалары мен әдістерін жетілдіру бағытында жұмыстар жүргізілетін болады.

**Орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-тәрбие жұмысы жоспары 2021-2022 оқу жылы**

# ҚЫРКҮЙЕК – Білім айы

*итуциясына – 26 жыл;* *1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары;*

- *Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы;* *5 қыркүйек-Тілдер күні, апталық;*
- *Отбасы күні.*

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие | «1 қыркүйек - Білім күніне» арналған сынып сағаттары<br>1-сыныптар «Кел балалар оқылық!»<br>2-11 сыныптар «Тәуелсіздік жетеістіктері»<br>***ҚР Конституциясына – 26 жыл;***<br>Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің және Семей полигонының жабылуының 30 жылдығына орай іс-шаралар ұйымдастыру<br>«Туған өлке тарихына тағзым» танымдық сабақтар 5-11 сыныптар | Сынып сағаты<br>Сынып сағаты<br>Ұйымдастырушы педагог | 01.09.2021 ж.<br>19.09.2021ж<br>13-17.09.2021ж |
| 2 | Рухани- адамгершілік тәрбиесі | «Мектепке жол» қайырымдылық акция<br>«Баланы мектепке бейімдеу»<br>Ата-аналар конференциясы | Әлеуметтік педагог<br>Психолог | 03.08-30.09.2021 ж<br>20-24.09.2021ж |
| 3 | Ұлттық тәрбиесі | «Қыз бала-болашақ ана»<br>«Қыз бала-ұлттың ары» жиналыс. Қыздар жетекшісін, құрамын сайлау.<br>«Ізденген жетер мұратқа» жиналыс. Ер балалар жетекшілерін сайлау. (1-11 сыныптар) | «Ару - ғұмыр» қыздар ұйымы<br>(1-9 сыныптар)<br>«Азамат »Ер балалар клубы | 17.09.2021 ж |
| 4 | Отбасы тәрбиесі | «Ел болам десең бесігіңді түзе»<br>«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере | Дәріс 8- сынып<br>Ұйымдастырушы педагог | 06-14.09.2021 ж<br>19.09.2021ж |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | алмайды» дебат | ҚББ.Дебат 9 сыныптары | |
| 5 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | «Барсакелмес қорығындағы 1 күн» саякат сабақ | Экология және еңбек фракциясы<br>Тәлімгер | 12.09.2021ж |
| 6 | Интеллектуалды ақпараттық мәдениетті тәрбие | **«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы.**<br>«Қазіргі замандағы отбасылық кітап оқу дәстүрі» 1-9 класс<br><br>«Туған тілдің қуаты-ұлттық намыста» 9 сынып | 1-9 сынып жетекшісі<br><br>кітапханашы<br><br>Дебат үйірмесі ҚББ | |
| 7 | Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | Тілдер мерекесіне байланысты «Тіл деген - алып мұхит, түбі терең» тақырыбында апталық іс-шара өткізу.<br><br>«Менің елім- татулық мекені» тақырыбында суреттер көрмесін ұйымдастыру | Сынып жетекшілер<br><br>Мәдениет және өнер фракциясы<br>Қолөнер үйірмесі<br>Ұйымдастырушы педагог | 04-10.09.2021 ж.<br><br>04-08.09.2021ж |
| 8 | Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | «Қыздар мен ұлдардың ұрпақта болу денсаулығы»;<br><br>«Темекішегушілік, есірткі, алкоголь туралы не білесіздер?»; | 5-9 сынып жетекшісі<br><br>Салауаттылық клубы өмір салты фракциясы | 21.09.2021ж<br><br>23.09.2021ж |
| 9 | Әкімшілік ұйымдастыру жұмыстары | Оқушылардың әлеуметтік педагогикалық паспортын жасау<br><br>Оқушылардың жеке іс-құжаттарын жаңарту | Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекшілер<br><br>Сынып жетекшілері | 21-25.09.2021 ж.<br><br>Тамыз-қыркүйек |

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ҚАЗАН – Алаш азаматтарын ұлықтау айы

> ...ан – *Мұғалімдер күні, Қарттар күні;*
> 
> *Қасым Аманжоловтың 110 жылдығы;*

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие | **«Құқықтық сана – қауымға пана»** жобасы аясында «Заңға мойынсұнушылық –тәрбиенің бастауы»<br><br>Мектептегі «Ерекше назардағы»оқушыларды анықтап, есепке алу,олармен жұмыс жасау<br><br>«Заңмен көзделген жауаптылық» тақырыбында «Қоғамдық сана» жобасы аясында оқушылар арасында пікірталас | құқықтық клубы<br><br>МДТІЖО<br>Мектеп инспекторы<br>Психолог<br><br>Құқық үйірмесінің жетекшісі | 19-23.10.2021 ж. |
| 2 | Рухани- адамгершілік тәрбие | «Қоғамға қызмет» жобасы аясында<br>1 қазан- карттар күніне «Қараттарым – асыл қазынам»<br><br>«Көмек» үлкендерге, карттарға, мүгедек жандарға көмек қолын созу, жолдастарына достарына ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларда көмек көрсету челлендж<br><br>Жеті ата-тәрбие көзі<br><br>«Қарттарға көмек» волонтерлік қозғалыс<br><br>«Ата-ананы қадірлеу-парыз» сынып | Рухани кездесу<br>5-9 сынып<br>Сынып жетекшілер<br><br>Әлеуметтік педагог<br><br>Ұйымдастырушы педагог.<br>Танымдық сайыс<br><br>Жастар ұйымы<br>Қамқорлық фракция | 01.10.2021 ж.<br><br>08-09.10.2021ж<br><br>02.10.2021ж<br><br>01-05. 10.2021 ж. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | сағаты<br><br>**«Тұлғалар танымы»**<br>1. Ә. Бөкейханов 155 жыл<br>А. Байтұрсынов 150 жыл<br>Конференция 9 сынып | 1-9 сынып жетекшілері<br><br>Тарих пән бірлестігі | |
| 3 | Ұлттық тәрбиесі | «Қызға қырық үйден тыйым»<br><br>«Ұлттық ойындар» спорттық шара» | «Ақбаян» қыздар ұйымы<br><br>Ер балдар клубы | 06-07.10.2021ж |
| 4 | Отбасы тәрбиесі | «Жеті атаңды білесің бе?»<br><br>«Бүгінгі қыз-ертеңгі ана» шеберлік сыныбы | сайыс 1-4 сынып<br><br>отбасылық тәрбие | 15.10.2021ж |
| 5 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | «Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында<br>«Еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа мамандықтар» тақырыбында 9-11сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру мақсатында қаладағы кәсіптік колледж қызметкерлерімен кездесу<br>«Құстарға қамқорлық» акциясы 1-4 сыныптар | Сынып жетекшілер<br><br>Экология және еңбек фракциясы | 12.10.2021ж<br><br>08.10.2021ж |
| 6 | Интеллектуалды ақпараттық мәдениетті тәрбие | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында**<br>«Кітап оқитын әке», «Кітап оқитын ана», «Ең кітап оқитын отбасы», «Кітап оқитын жолдастар» кітап оқу фестивалі<br><br>**«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында**<br>«Әке көрген оқ жонар, шеше көрен тон пішер»-7-8 сынып | Кітапханашы<br><br>Дебат қозғалысының фракциясы<br>Дебат үйірмесі | 06-08.10.2021ж |
| 7 | Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | **«Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында**<br>«Табиғатпен тілдесу» виртуалды көрме ұйымдастыру. | 1-9 сынып<br>Сынып жетекші | 05-15.10.2021ж |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | « Мен есірткісіз болашақты жасаушымын!» эссе байқауы<br><br>«Зиянды әдеттер және олардың ұрпақты болу денсаулығына әсері»;<br><br>«Тұрмыстағы өрт қауіпсіздік ережелері», Кездесу | «Салауаттылық» клубы<br><br>5-8 сынып жетекшісі<br><br>Әскери жетекші | 27.10.2021 ж<br><br>08.11.2021 |
| 9 | Әкімшілік ұйымдастыру жұмыстары | Оқушылардың күзгі каникулы күндерінің іс-шаралар жоспарын жасап , бекіту | Тәрбие орталығы | 26-30.10.2021 ж. |

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ҚАРАША – Поэзия айы

- *15 қараша-Ұлттық валюта күні;*
- *Ақын, Қазақстанның халық жазушысы Мәриям Хәкімжанованың 115 жылдығы;*
- *Күзгі демалыс.*

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие | «Адалдық – адамның ең асыл қасиеті» пікірталас ZOOM арқылы ұйым мүшелерімен кездесу<br><br>«Сен өз құқығыңды білесің бе?» | «Адал ұрпақ» клубы<br><br>Құқық үйірмесінің жетекшісі | 09.11.2021 ж. |
| 2 | Рухани- адамгершілік тәрбие | **«Қоғамға қызмет» әлеуметтік жобасы аясында**<br>Ұжымдық көмек, оның түрлері (Асар, Жылу, «Қол ұшын беру», «Қарыз - жолдастық» т.б)<br><br>**«Еңбек елдің мұраты» жобасы аясында**«Еңбектің жемісі»<br>Диспут 5 сынып<br><br>Поэтикалық марафон<br>1. Ы. Алтынсарин өлеңдері<br><br>2. Ж. Жабаев өлеңдері<br><br>3. М. Мақатаев өлеңдері<br>4. ***Ақын, Қазақстанның халық жазушысы Мәриям Хәкімжанованың 115 жылдығы*** | Әлеуметтік педагог<br><br>Дебат үйірмесі<br><br>Челлендж 1-4 сынып қыркүйек-мамыр<br><br>Челлендж 5-7 сынып қыркүйек-мамыр<br><br>Челлендж 8-9 сынып қыркүйек-мамыр<br>Ұйымдастырушы педагог | 15.11.2021ж<br><br>13.11.2021ж |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Ұлттық тәрбие | «Жабық тақырыптағы ашық сұрақтар». Кездесу, жабық хат. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | Медициналық қызметкер, психологтар | 19.11.2021ж |
| 4 | Отбасы тәрбиесі | **«Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында**«Ұрпақ тазалығы-ұлты тазалығы»<br><br>«Әке мен бала» ұлттық ойындардан жарыс<br><br>«Қыз бала –болашақ ана»<br>7-9 сынып кеңес отырысы | Дөңгелек үстел 9 сынып<br><br>Жарыс<br><br>Қыздар клубы | 17-19.11.2021ж<br><br>12.11.2021ж |
| 5 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | **«Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында**<br>«Таза аула» акциясы<br><br>**«Үнем – қоғам қуаты»** жобасы аясында «Сіз қаншалықты үнемшілсіз?» тақырыбында ашық пікірталас жоғарғы сынып оқушыларымен сұхбат жүргізу | «Экология және еңбек»фракциясы бойынша<br><br>Мектеп-лицейі парламентінің белсенді мүшелері,өзін-өзі басқару ұйымы | 22-23.11.2021ж<br><br>03-04.11.2021ж |
| 6 | Зияткерлік тәрбие ақпараттық мәдениетті тәрбие | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында оқушылардың дебаттық қозғалысы.**<br>«Кітап оқу сағаты» стартаптары<br><br>«Мен оқыған кітап»<br><br>«Білгенге маржан»<br><br>«Интернеттің пайдасы мен зияны» 9 сынып<br><br>***15 қараша-Ұлттық валюта күні*** | Кітапхана<br>Сынып жетекші<br><br>Оқыған кітапты жарнамалау<br>1-4 сынып<br>5-7 сынып<br><br>Интеллектуалды сайыс<br><br>Дебат үйірмесі<br><br>Сынып сағаты | 10.11.2021ж<br><br>29.11.2021ж |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | «Ертегілер еліне саяхат» 1-3 сынып оқушыларына арналған театрландырылған ертегі қойылымдар сайысы | 1-3 сынып жетекшілері | 24-26.11.2021ж |
| 8 | Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | Мінез-құлық қауіп-қатер факторлары (темекішегушілік, алкогольді тұтыну (сыра), нашақорлық) және олардың адам ағзасына әсері». | 9 сынып жетекші | 09.11.2021ж |
| 9 | Әкімшілік ұйымдастыру жұмыстары | Сынып жетекшілерінің тоқсандық жұмыстарына талдау жасау<br><br>«5 сынып бастауыштан жоғарғы сыныпқа өткенде балалардың бойында кездесетін психологиялық өзгерістер» сынып жетекшілерге арналған тренинг | <br><br>Мектеп психологтары | 06.11.2021 ж.<br><br>10.11.2021ж. |

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ЖЕЛТОҚСАН – «Тәуелсіздік –орындалған арман. Қазақстан жолы»

- *1 желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күні;*
- *1желтоқсан - Халықаралық ЖИТС-ке қарсы күрес күні;*
- ***Желтоқсан оқиғасына-35 жыл;***
- ***16 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 30 жылдығы.***

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие | «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті» еріктілер сағаты | ТЖО. Сынып жетекшілер | 30.11.2021 |
| | | «Тәуелсіз елім Қазақстан!» тәрбие сағаттары, сайыстар «Жас қыран» «Жас ұлан» ұйымдарына қабылдау салтанатты жиын. | ТЖО Тәлімгер Ұйымдастырушы педагог | 10.12.2021 |
| | | «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» 16 желтоқсан Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай көрме | Кітапханашы | 10-15/12.2021ж<br>10-15.12.2021ж |
| | | «Еліміздің еркіндігі – тәуелсіздік» тәрбие сағаты 1-9 сыныптар | 1-9 сынып жетекшілер | 3-4.12.2021ж |
| | | «Жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін не?» | Сынып сағаты | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | Рухани- адамгершілік тәрбие | Жастарды өзінің ата-бабасына келе жатқан кәсіпке баулу дәстүрән жандандыру. Шеберлік сабақтарын өткізу<br><br>«Еңбек елдің мұраты» жобасы аясында «Еңбек түбі береке» тәрбие сағаты | Сынып жетекшілер 9 сынып<br><br>Сынып жетекшілер | 14.12.2021ж |
| 3 | Ұлттық тәрбие | «Аналар салған жолменен»<br><br>«Шын сезім мен қызығушылықты қалай ажыратуға болады?» дебат<br><br>«Тәрбиелі азамат-ел қорғаны» пікірталас | Қыздар клубы<br><br>Ер балдар клубы | 15.12.2021 |
| 4 | Отбасы тәрбиесі | «Ұрпақтар сабақтастығы» эссе<br><br>«Қамқорсыздарды тәрбиелеу» тәрбие сағаты | Ұйымдастырушы педагог. Эссе 6 сынып<br>Тәрбие сағаты | 04.12.2021ж |
| 5 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | Қазақстан Халқы Ассамблеясының 26жылдығына орай «Жер – ортақ үйіміз» суреттер сайысы | ҚББП | 03.12.2021 |
| 6 | Интеллектуалды ақпараттық мәдениетті тәрбие | **«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы**<br>«Мен жазушымын»<br>1-4 сынып<br>5-7 сынып<br><br>«Үш тұғырлы», «Тіл саясаты тиімді» жастар мен дебат | Әр айға 1 ертегі жазу<br>Сынып жетекші<br><br>Дебат үйірмесі | 07.12.2021ж |
| 7 | Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | «Қош келдің,жаңа жылым,бақ жылым!» жаңа жылды қарсы алу іс-шаралары. | ТІЖО<br>Сынып жетекшілер | 22-28.12.2021ж |
| 8 | Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты. | «1 желтоқсан- Дүние жүзілік СПИД – ке қарсы күніне» байланысты «АИТВ/ЖИТС туралы не білеміз?» атты тақырыпта жазба жұмыстарын | ТІЖО, 7-9.сын. Жет.<br><br>Ұйымдастырушы | 02.12.2021ж |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | алу, тәрбие сағаттарын өткізу.<br><br>«Желел респираторлық жұқпалардың алдын алу»; | педагог<br><br>1-9 сынып жетекші | |
| 9 | Әкімшілік ұйымдастыру жұмыстары | Оқушылардың қысқы демалыс күндерінің іс-шаралар жоспарын жасап бекіту | ТІЖО | 28/12.2021ж |

# ҚАҢТАР айы

- ***Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Д.А.Қонаев - 110жаста;***
- ***ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС***

| № | Негізгі жұмыс бағыттары | Іс-шаралар | Жауаптылар | Орындау мерзімдері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие | **«Құқықтық сана – қауымға пана»** жобасы<br>«Өз құқығыңды білесің бе?» жергілікті заң қызметкерімен кездесу<br>**Тәрбие сағаты.**<br>Есірткі және құқықбұзушылық 6-8 сыныптар<br>«Біз жемқорлыққа қарсымыз!» акциясы | «Құқық және тәртіп» фракциясы<br>6-8 сынып жетекшілер<br>«Адал ұрпақ» еріктілері клубы | 11.01.2022ж<br>14.01.2022ж<br>14-15.01.2022ж |
| 2 | Рухани- адамгершілік тәрбие | Қурсақ тәрбиесі-тәрбие бастауы<br>Бүгінгі күннің нақыл сөзі<br>Ұлағат айдарын жасау<br>Ұмыт қалған дәстүрлер мен ғұрыптар<br>Интеллектуалды сайыс<br>1. ***Көрнекті қоғам және мем қайраткері Д.А.Қонаев - 110жаста*** | Қыздар клубы<br>1-4 сынып<br>7-8 сыныптар<br>Танымдық сағат 1-9 сынып | 05-06.01.2022ж<br>18.01.2022ж<br>07-08.01.2022ж |